

маларында атак, құрмет атты ұғымдармен түйіндеп, ол мәңгілік деген мәселелерді көтереді.

Жалпы, Қадырдың зерттеуден таса келе жатырған осы естелік-эсселері өзінің деректелігімен, көркем тілдік қолданыстарымен, шебер композициясымен, өзіндік стилімен ерекшеленді. Оның шығармашылығының тағы да сан қырлылығын байқатады. Шығармашылық тұлғалардың өзара хаттарының араластығын ескерсек эпистолярлық жанрдағы бір қырын көреміз, ал эссеистикалық қыры өз алдына бөлек әңгіме. Шығармашылық ізденіс кез келгенге тән емес. Ол өзін үнемі толықтыруға, көп нәрсені білуге, жаңалыққа ұмтылыстан туады. Шығармашылықта жаңалық жасау әркімнің арманы. «Жаңашылдық – әрқашан асқан шығармашылық ізденістің нәтижесі, ол өнер өрісін кеңейте түседі» [3]. Р. Нұрғалиев: «Қазақ әдебиетінің жаңаша сараптауды қажет ететін проблемалары жеткілікті. Ол – әдебиеттің әр кезеңдері мен әр алуан құбылыстарын жаңаша та-

нып, жаңаша пайымдау, әр жылдар туындыларын жаңаша талдау мен жаңаша бағалау» [4, 406]. «Жазмыш» та сондай туындылардың бірі. «Жазмыш» публицистиканың стилін қолдана отырып жазылған, философияға негізделген, шығармашылық тұлғалардың өміріне философиялық тұрғыдан қараудан, бағамдаудан құралған әдеби туынды. Сондықтан, әдебиет тарихы автордың бұл еңбегін зерттеп, нақты ғылыми тұжырымдар мен дәлелді пікірлер айтуы керек. Мұндағы автордың поэтикасы, тілі, әдеби жаңалығы, ақиқатқа қатыстылығы жіті зерделеп қарауды талап етеді. Өйткені, зиялы қауым өкілдерінің жеке бас қатысымы тұрғысынан бағаланып, пікір айтылған еңбекті сол деңгейде нәтижелеп, бағалауға болмайды. Әсте, бұл өз әдебиетіміздегі жаңалыққа баға бере алмауымыз болып табылмай ма? Сондықтан автордың дұрыстығын да, бұрыстығын да нақты дәлелдермен көрсетіп беру – әдебиет зерттеушілерінің бүгінгі тапсырмасы.

Әдебиеттер

- 1 Ысқақұлы Д. Әдеби айтыстар, дау-дамайлар.
- 2 Мырза Әли Қадыр. Жазмыш. – Алматы: Атамұра, 2004. – 480 бет.
- 3 Базарбаев М. Өлең-сөздің патшасы, сөз сарасы. – Алматы, 1973. -256.
- 4 Нұрғалиев Р. Сөз өнерінің эстетикасы. Монография. - Астана, 2003.

References

- 1 Yskakuly D. Adebı aıtystar, dau-damaylar.
- 2 Myrza Ali Qadyr. Zhazmysh. – Almaty: Atamura, 2004. – 480 bet.
- 3 Bazarbaev M. Olen- sozdın patshasy, soz sarasy. –Almaty, 1973.-256 b.
- 4 Nurgaliev R. Soz onerinin estetikasy. Monografiya. - Astana, 2003.

ӨОЖ 81'1-027.21

Ы.Ә. Тұранов

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-дың ІІ курс магистранты, Қазақстан, Астана қ.

E-mail: bereke1984@mail.ru

Қазақ антропонимдерін дәуірлеу мәселелері

Бұл мақалада қазақ есімдерінің дәуірлену мәселесі көтеріледі. Осыған дейін де бұл мәселе сөз болған. Қазақ есімдерінің зерттелуінде зор орны бар ғалым Т. Жанұзақовтың есімдерді дәуірлегені баршаға аян. Алайда, аталған антропонимдер туралы дәуірлеу классификациясына ғылыми зерттеулер барысында жаңа дәуірлердің де қосылу қажеттілігі айқындалды. Тарихи кезеңдердегі тілдік деректер, антропонимдер сол дәуірге тән екендігімен ерекшеленеді. Әр дәуірлерде келген есімдерімізді сол этаппен атап көрсету ғылыми зерттеулердің жүйелі жүргізілуіне өз пайдасын тигізетіні белгілі. Әр кезеңге тән есімдерімізді нақты мысалдар арқылы беру – мақалаға арқау болды.

Түйін сөздер: антропоним, ұлт болмысы, этнос, антропонимдерді дәуірлеу, дәуірлерді классификациялау (топтастыру), номинациялық лингвобірліктер, кірме антропонимдер, тарихи антропонимдердің жаңғыруы.

Y.A. Turanov

Problems of development of Kazakh anthroponyms

The division of the Kazakh anthroponimis is considered in article, taking into consideration different literature works of scientisis. There is also a need of reevaluation different materials clssifikations developed by explorers. Both why we need to consider anthroponims to be the part of the language which is closely attached to the history. The article history anthroponyms scientific basis, linguistic fact to base seven periods considered separately. Given linguistic fact anthroponomy called periods consumed being selected concretized. Systematic division of historical periods chosen for the future of science anthroponyms very useful language study their support of the new theory suggest opening instruct on the right path.

Keywords: antropony, nation nature, ethnos, era anthroponyms, grading period, nominative lingvoedinitys, updated historical anthroponyms.

Ы.А. Туранов

Проблемы развития казахских антропонимов

В этой статье рассматривается деление казахских антропонимов на эпохи, опираясь на литературные труды различных ученых, нужна на пересмотрение различных квалификации, разработанных исследователями. Язык и история – одно целое, и поэтому следует рассматривать антропонимы как часть языка, которая связана с историей. Статья истории антропонимов на научной основе, языковой факт на базе семи периодов рассматривается отдельно.

Ключевые слова: антропоним, природа нации, этнос, эпохи антропонимов, классификация периодов, номинативные лингвоединицы, обновление исторических антропонимов.

Ұлт болмысының тілдегі көрінісі антропонимдер екені белгілі. Этносты іріктеп-атап көрсетуші номинативтік бірліктер – тілдік қатысым барысында әр индивидтің өзіндік лингво-белгісі болып табылады. "Адамзат әлеміндегі әрбір индивидті даралаушы лингвистикалық таңба - адам есімдері этнос санасында танылған идеялар жиынтығының сұрыпталған жүйесі"[1. 317]. Кез-келген ұлттың антропонимдері мен сол туралы ғылымы, яғни антропонимикасы өзге ғылымдар секілді пайда болу, қалыптасу, даму кезеңдерін бастан кешіретін ұзақ уақыттық күрделі процес. Мұндай кезеңді қазақ есімдерінің де бастан өткізгені баршаға аян. Адамзат дамуының құрамдас бөлігі ретінде жер шары халықтары мен қатар қоғамдық құбылыстарды, тарихи жағдаяттарды, саяси-экономика-

лық үдерістерді бастан өткерген этнос – түркі халықтары. Түркі халықтарының өзіндік тарихи жолы, дәстүрлі мәдениетімен бірге жазу өнерінің (сауаттылығының) бар екенін дат ғалымы В. Томсен оқылу құпиясын ашқан көне түркі жазба ескерткіштері, яғни құлпытастар тілі дәлелдейді. Кез-келген ұлттың тілі оның тарихымен біртұтастықта қаралуы қажет. Түркі халықтары және оның арғы аталары болып табылатын ғұндар мен сақтар адмзат өркениетінде елеулі рөл атқарып із қалдырған, әлемнің өзге де тайпалық құрамы сияқты өзіндік мәдени болмысын қалыптастыра алған, мәдениеттер араласуы барысында өзге халықтар мәдениетіне, этнографиясына сонымен қатар тіліне ассимиляциялық әсері де тиген. Бұл туралы тарихшы Л.Н.Гумилев өзінің "Хундар" еңбегінде "...Еу-

ропаның көптеген руларын хундардың рақымсыз қаталдықпен талқандауы, батыста олар жөнінде баскесерлер мен қарақшылар деген жаман атақты жайып жібереді, ал сол кездегі қытай авторлары оларды барша "тағылар" ішіндегі ең мәдениетті халық ретінде сипаттайды" [2, 228]. "...Ашина державасы көптеген белгісі жағынан спарта мемлекетіне ұқсайды, бірақ бұл одан әлденеше үлкен жерді иемденді" [3, 65]. Түркілер және олардың этногенезі тарихының зерттеліп бірізге түсуінде елеулі орны бар ғалым Л. Н. Гумилевтің пікірлері жоғарыда айтқан ойларымызды дәйектей түседі.

Қандай да бір тайпа, халық не бірлестік қарым-қатынасқа түсуі барысында тілдік әлемнен тыс өмір сүрмейді, керісінше белгілі бір лингвистикалық ауқымда, жүйеде ғұмыр кешеді. Бұл туралы қазақ тіл білімінің негізін қалаушы А. Байтұрсынұлы: «Тіл – адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі», - дейді [4, 141]. Сол сияқты қазақ халқы да, оның түпнегізі түркілер де, оның арғы аталары ғұндар мен сақтар да белгілі тілдік әлемде коммуникациялық лингвобірліктерді қолданды. «Қай дәуірде болмасын мемлекеттердің өз ішіндегі қарым-қатынас антропонимдердің құрылымдарының жүйеленуіне себепші болса, сыртқы елдермен байланыс кірме сөздер арқылы лексикалық құрамының жаңа есімдерімен толығуына себепші болады» [5, 6]. Лингвистикалық бірліктердің құрамында антропонимдердің алар орны ерекше. Халық дүниетанымында тілдік бірліктер арқылы көрініс табатын кісі есімдерінің, сол жайлы ғылымның пайда болу, қалыптасу, даму жолдарын топтастыру, кезеңдерге бөлу – аса маңызды. Қазақтың антропонимика туралы ғылымын сөз етпес бұрын, оның есімдерінің шығу төркінін, жүріп өткен жолын дәуірлеп алған әбден орынды. Қазақ есімдерін дәуірлерге бөлген, осы ғылымның негізін салушы Т. Жанұзақов [6, 27] болатын. Ғалым антропонимдерімізді мынадай төрт дәуірге бөлуді жөн деп санайды:

- I дәуір - көне түркі заманы, V-VIII ғасырлар аралығы.
- II дәуір - орта ғасырлар, X- XVII ғасырлар.
- III дәуір - XVII-XIX ғасырлар.
- IV дәуір - Октябрь революциясынан кейінгі Совет заманы.

Ғалым Ү. А. Мұсабекова антропонимдердің тарихи дамуын бес дәуірге бөліп көрсетеді.

- I дәуір көне түркі заманын, яғни V-VIII ғасырларды қамтиды.

- II дәуір орта ғасыр дәуірін, яғни X-XVII ғасырларды қамтиды.

- Есімдердің III дәуірі XVII-XIX ғасырлар.

- IV дәуірінде Кеңес өкіметі заманы.

- V дәуір XX ғасырдың 90-жылдарынан бергі тәуелсіздік алған кезеңі.

Ү.А.Мұсабекованың дәуірлеуі Т. Жанұзақов классификациясына бесінші дәуірді қосыуымен ерекшеленеді. Бесінші дәуір - қазақ халқының 90-жылдары алған тәуелсіздігінен басталатынын айтады. Бір қарағанда логикалық тұрғыдан дұрыс та сияқты. Алайда, біз, тарихи ірі оқиғалардың тарихымызда, мәдениетімізде, тілімізде, салт-дәстүрімізде, дінімізде өз ізін қалдырмады деп айта алмаймыз. Тіл ұлттың тұрмысымен біте қайнасқан күйінде дамып жетіледі. Тілдің тарихын сол халықтың тарихынан тыс қарау, әрине, тіл білімі ғылымы үшін жат. Қазақ тілі – түркі тілдерінің бір бұтағы. Көрнекті түркітанушы Н.А. Баскаков түркі тілдерінің тарихын былайша дәуірлеуді ұсынады, және бұл ұсыныс көпшілік ғалымдар тарапынан кең қолдауға ие.

1. Алтай дәуірі - а) Орал-алтай тілдерінің ортақ дәуірі, ә) Орал және алтай бір-бірінен бөліну кезеңі;

2. Ғұн дәуірі б.з.б. III - б.з. V ғасыры;

3. Көне түркі дәуірі V- VI ғасырлар;

4. Орта түркі IX-XV ғ. негізгі түркі тайпаларының қалыптасу дәуірі;

5. Жаңа түркі XV-XIX ғ. түркі халықтарының қалыптасуы мен даму дәуірі;

6. Ең жаңа дәуір немесе түркі тілдерінің Қазан төңкерісіне дейінгі және кейінгі даму дәуірі [7, 592].

Бұл – түркі тілдерінің тарихи жолын дәуірлеу болса, түркі антропонимдері тілден, халық тарихынан бөлек өмір сүрмек емес, қайта қоян-қолтық тығыз байланыста ғұмыр кешеді. Қырғыз есімдерін зерттеген А.Идрисовтың ("Қырғыз тилиндегі ысымдар" канд. дисс. Фрунзе, 1971) еңбегінде антропонимдердің қалыптасу кезеңдері қоғамның тарихи-экономикалық даму кезеңдеріне сәйкес анықталды:

1. Алтай дәуіріне дейінгі ежелгі кезең. Оған жануарлармен, құстармен, географиялық атаулармен байланысты антропонимдер жатады.

2. Хун дәуірінде қалыптасқан антропонимдер (б.э.д. II, III-VI б.ғ.) Оған мал жануар, құс, өсімдік, жәндік, аспан денелері т.б. байланысты аттар жатады.

3. Көне түркілік кезең (V-Xғ.) Алдындағы кезеңдердегі антропонимдермен қоса, мысал ретінде ескі түркі ескерткіштеріндегі антропо-

нимдер – *Чур, Барс, Шумжар, Арслан* т.б. келтіреді.

4. Ортағасырлық кезеңдегі (X-XVғғ.) аттарға араб есімдері қосылады.

5. Жаңатүркі кезеңде (XV-XXғғ.) бұрынғы есімдерге ескі еврей (библиялық) араб, парсы аттары қосылады.

6. Октябрьден кейінгі кезең аттарының қатарында революционерлер, әдеби кейіпкерлер, мемлекеттік ресми тұлғалар атауларымен сипатталған. Ғалым А. Идирисовтың топтастыруы дұрыс сияқты, дегенмен әлі де нақтылық жетіспейтіндей. Бұл классификация жоғарыда келтірген Н. А. Баскаковтың түркі тілдерін кезеңдерге бөлуін антропонимдердің қалыбына көшіріп салғандай.

Әрбір тарихи-лингвистикалық дәуір өлшемдерін ескере отырып, антропонимдерімізді былайша топтастыруды жөн көрдік. Олар:

I дәуір – Көне түркі дәуіріне дейінгі кезең. Бұл дәуір – түркі тілінің пайда болуынан толық қалыптасу кезеңдерін бастан кешірген өте ерте дәуір. Аталмыш дәуір түркі этносын құрап қалыптастырушы сақ, ғұн тайпаларының өмір сүрген уақыты. Бұл тайпалардың әлемдік тарихта алған орнын Л. Н. Гумилевтің жоғарыда келтірген пікірлерімен және оның ғылыми еңбектерінен көре аламыз. Аталған дәуірді түркітанушы Н.А. Баскаков түркі тілдерінің тарихын дәуірлегенде *Алтай дәуірі* - а) Орал-алтай дәуірі, ә) Орал және алтай бір-бірінен бөліну кезеңі; *Ғұн дәуірі* деп екі кезеңге бөліп көрсетеді. Бұл дәуір Т. Жанұзақовтың есімдерді дәуірлеуіне және ғалым Ү. Мұсабекованың классификациясынан да орын алмағанын байқаймыз. Қырғыз есімдерін дәуірлеген А. Идирисовтың топтастыруында Н. А. Баскаковтың ізі сайрап жатыр. Бұлай жіктеу - шартты да, себебі, түркітанушы ғалымдар келіскен ортақ жіктелім осы болатын. Біз бұл кезеңді *Көне түркі дәуіріне дейінгі кезең* деп атауды жөн көрдік. Бұл дәуірге тән есімдер мыналар: *Мөде, Еділ (Атилла), Томирис*, (ежелгі дәуір әдебиеті жырларында) *Ергеникон, Шу батыр, Алып Ер Тұңға* секілді осы кезеңге тән есімдер кездеседі.

II дәуір – Көне түркі дәуірі. V - VIII ғасырлар аралығын қамтиды. Көне түркі дәуірі біздің және туысқан халықтарымыздың ұлт ретінде қалыптасуына, ұлттық тіл ретінде орнығып толысуына бірден-бір негіз болды. Сондай-ақ, антропонимдеріміздің де алғашқы тілдік бастаулары осы кезеңде көрініс береді. Бұл – көне түркі дәуіріне дейінгі уақыттағы есімдерді жоққа шығару деген сөз емес. Қайта өзіне дейінгі

антропономинациялардың семантикалық толысуын қамтып, түркілік тілдік болмыстың ішкі табиғаты мен сыртқы тұлғасын қалыптастырды. Бұл кезеңдегі антропонимдерді әр зерттеуші әртүрлі танбалайды. Біз аталмыш уақытқа тән кісі аттарын қазақ тілінің табиғатына сай етіп беруді жөн көрдік. Олар, *Бумын, Йолыгтегін, Елтеріс, Білге, Тоныкөк, Күлтегін, т.б.*

III дәуір – Исламдық өркениет кезеңі. Бұл IX-XI ғасыр аралығын қамтиды. *Исламдық өркениет кезеңі* мен *Орда дәуірі және Қазақ халқының ұлттық қалыптасу, толысу дәуірінің* жартысы Т. Жанұзақ пен Ү. Мұсабекова жіктелімінде *Орта ғасырлар (X-XVIIғ.)* деп берілсе, ғалым А. Идирисовта *Ортағасырлық кезеңдегі (X-XVғ.), Жаңатүркі кезеңінде (XV-XXғ.)* деген Н.А. Баскаковтың топтастырылымын қайталау орын алады. Аталған уақыт аралығын жіктеулер әлемдік тарихты, ғылымды, философияны дәуірлеуде дұрыс болғанмен ұлттық лингвистикада, соның ішінде антропонимикада жалпылыққа бой алдыру болып табылады. Аталған дәуірді біз *Исламдық өркениет кезеңі* деген терминмен атадық. Себебі, бұл кезең - Араб халифатының белгілі миссияны көздеп шапқыншылық жасаған заманы. Бұл дәуір – орта азия халықтарына ислам дінін жайып қана қоймай, сонымен бірге арабизмдердің келуімен де тікелей байланысты. Араб сөздері мен қоса парсы сөздері де тіліміздің сөздік қорын байытты. Аталған қос тілдің антропонимдері де тіліміздің табиғатына ыңғайланып сөздік қордың бір бөлшегіне айналды. Мысалы, *Мухаммедханафия, Ибраһим, Махмут, Ахмет, Жүсіп, Мухаммед, Мұстафа, Әмина, Мәдина, Фатима, Әли, Рахматолла, Мырзахмет, Мырзатай, Шамшат, Шернияз, Шерәлі, Шерхан, Әдина, Әсия, Гауһар, Дурия, Дана, Жансая, Зибә, Меруерт, т.б.*

IV дәуір – Орда дәуірі. XII-XIV ғасырларды қамтиды. Шыңғысхан империясының орталық азиядан Үндістанға қарай шабуылдап, өз билігін кеңейту дәуірі. Тарихта бұл кезең "моңғол шапқыншылығы" дәуірі деген атқа ие. Осы заманда да моңғолдық кірме сөздердің, соның ішінде антропонимдердің тілімізге көптеп келгендігін байқай аламыз. Мысалы, *Баян, Ноян, Шыңғыс, Барлас, Дөненбай, Ойрат, Сайын, Сатай, Сарман, Томан. Шоһа, Құралбек, Садан, Сайдар, т. б.*

V дәуір – Қазақ халқының ұлттық қалыптасу, толысу дәуірі. XV – XIX ғасырларды қамтиды. Қазақ әдебиетін дәуірлерге бөлген Б. Кенжебаев, Х. Сүйішәлиев, М. Жолдасбеков,

М. Мағауин бес дәуірге бөледі, 1. Көне дәуір (V - XIV); 2. Хандық дәуір (XV-XVIII); 3. XIX ға-сырдағы әдебиет; 4. XX ғасырдың басындағы әдебиет (1900-1920) бұқарашыл әдебиет; 5. Социалистік дәуір әдебиеті. Әдеби тіл тарихын дәуірлеген лингвист-ғалым Р. Сыздық екі үлкен дәуірге бөледі. "I. Қазақ халқының ұлттық кезеңге дейінгі әдеби тілі. II. Қазақ халқының ұлт болып қалыптасқаннан кейінгі әдеби тілі. Алғашқы дәуірді екі кезеңге бөледі: 1-кезең XV - XVIII ғасырдың екінші жартысы. Екінші дәуірді XIX ғасырдың II жартысынан бастайды. Бұл - қазақтың ұлттық жаңа жазба әдеби тілінің қалыптасу тұсы болды" [8, 21-22]. Біз сөз етіп отырған дәуірге (V дәуірге) *Қазақ халқының ұлттық қалыптасу, толысу дәуірі* деген атау бердік. Тұтас ұлттық тілдің антропонимдер бір бөлшегі ғана. Соған қарамай бұл уақыттағы кісі есімдерінің тарихын әдебиеттің тарихын, әдеби тілдің тарихын дәуірлегендей өз ішінде екі дәуірге бөлуді жөн көрдік.

а) XV-XVIII ғ. аралығын қамтып, қазақ халқының ұлт ретінде әлемдік кеңістікте қалыптасуы, рухани шығармалардың толассыз халық өмірінде дүниеге келуімен ерекшеленетін дәуір. Сөз болып отырған кезеңде қазақ хандығының өз алдына енші алып, дербес хандық құрған заманы болатын. Жеке халық, жеке хандық болған соң айналадағы елдерден (хандық-патшалықтардан) қорғану барысында батырлардың шығуы, олардың ерліктері, би-қазылардың қара қылды қақ жарып төрелік жасауы халыққа әсер етпей қоймады. Осыған еліткен халық өз перзенттеріне батырлардың, хандардың, билердің, төрелердің есімдерін беруді үрдіске айналдырды. Көрші Жоңғар, Қоқан хандықтарының шабуылдауы халықтың армантілекті жырларының дүниеге келуіне өзек болып жатты. Жыр кейіпкерлері халықты мұратына жеткізер алып батырлар еді. Осы кезеңге тән кісі аттары ұлттық тілдің табиғатын бойына сіңірген антропонимдер болатын. Осындай есімдер: *Алпамыс, Қобыланды, Абылай, Жомарт, Богенбай, Төле, Қазыбек, Жәңгір, Қасым, Гүлбаршын, Жібек, Шолтан, Әйгерім, Қарлығаш, Тоғжан, Тәуекел, Жәнібек, Ақтамберді, Қазтуған, Майқы би, т.б.*

ә) XIX - XX ғасырдың басы, Қазан төңкерісі, 1917 жылға дейінгі кезді қамтиды. Бұл дәуір – қазақ тілінің ұлттық тіл ретінде қалыптасуын бастан кешіріп, XIX ғасырда әдеби тіл дәрежесіне көтерілуімен ерекшеленді. Осы уақыт аралығында қазақ әдебиеті де ұлттық әдеби мұраларды туғызуымен, қазақ руханиятының

толысып жетілуіне зор әсер етті. Әдеби тілдің ұлттық сипаты – қазақ халқының толық ұлт болғандығын көрсетті. Аталған уақыт көлемінде дүниеге келген кісі есімдері бір түбірден де, екі не одан да көп морфемадан да немесе туынды түбірлер мен аффикстерден де жасалғандығын байқауға болады. Мысалы, *Абылай, Райымбек, Қарасай, Жомарт, Богенбай, Төле, Қазыбек, Жәңгір, Ақан, Ыбырай, Абай, Шоқан, Тоғжан, Махамбет т.б.* Орыс империясының қазақ даласына үстемдігі жүрумен қатар, интеллектуалдық кеңістікте ұлттық тұлғалар Шоқан, Ыбырай, Абайлардың бой көрсетуі қазақ руханиятына сілкініс жасады. Интеллектуалдық сілкініс, XX ғасыр басындағы ұлттық серпіліске алып келді. Осы кезді ұлттық ояну, (теңеу түрінде) бас көтеру, ұлт тәуелсіздігін талап ету дәуірі десек қателеспеспіз. Бұл кезеңді ұлттық сауаттану мәселесімен қатар бодандық кезең, ұлтты отарлау қатар жүріп жатты. Осы кезеңге тән есімдер, *Сьезд, Болыс, Болысбек, Роза, Мәрия, Мәриям т.б.* болатын.

VI дәуір – Кеңес дәуірі кезеңі. XX ғасырдың басы, Қазан төңкерісі мен 1917 – 1991 жылдар аралығын қамтиды. Сөз болмақшы уақыт, яғни Кеңес Одағы өмір сүрген дәуір тарих үшін қанша аз болса да, ұлттық тілдің тұралап қалуына өз септігін тигізбей қоймады. Империя тұсында идеология алғашқы орында тұрып, қоғамдық, гумандық салаларды уысында ұстады. Науқаншыл-нәубетшіл кезеңнің тілімізге, тілтану ғылымына оң әсері мен қатар, өзіндік салқынын да тигізбей өтпеді. Қазақ тілінің халі мүшкіл күйге түссе, қазақ лингвистикасы қалыптасып даму кезеңдерін басынан кешірді. «Кеңес өкіметінің орнауымен қоғамдық-саяси өмір де, әлеуметтік өмір де жаңалықтарға толы болды. Қазақ есімдер жүйесінде орыс тілінің әсері көрініс бере бастайды»[9,24]. Мысалы, *Колхозбай, Совхозбек, Мәскеубек, Октябрь, Спартак, Кеңесбай, Роза, Лаура, Раушан, Эльмира, Зина, Марина, т.б.* «Осы дәуірде баспасөздің дамуымен қазақ бүркеншік есімдері пайда болып, қолданысқа түсе бастайды. Қазақтың алғашқы зиялылары – қоғам қайраткерлері мен ақын-жазушылары, ғалымдары мен журналистері қоғамда орын алған тап тартысы, жер дауы, жесір дауы, оқу-ағарту т.б. мәселелерге дер кезінде үн қосып, баспасөз бетінде жариялап отырады. Түрлі себептер авторлардың өз аты-жөнін жасырып, бүркеншік есіммен жазуға мәжбүр етеді». Оның ішінде саяси қуғын-сүргінге түсуден бас сауғалауды да максұт тұтты (бүркеншік есіммен жазу сол кезде ғана қол-


данысқа түсіп, сәнге айналғандықтан еліктеушіліктен туған жағдайлары да болды). Мысалы, «Қазақпаев» /*Ф.Қарашев*/, «Төңкерісулы» /*С.Мұқанов*/, «Қырғұлы» /*Ә.Бөкейханов*/, «А.Ж.», «Ж.», «Ж.А.» /*Ж.Аймауытов*/, «Быж», «Быжы» *Бейімбет Жармағанбетұлы Майлин*, «Іс.» /*Сәбит Дөнентаев*/, «Мыж-Мыж» /*Мағжан Жұмабаев*/, «Өт» /*Өтебай Тұрманжанов*/, т.б.

VII дәуір – Тәуелсіздік – Жаңа дәуір. Қазақ ұлтының 1991 жылы тәуелсіздік алып, дербес мемлекет болып орнығуынан қазірге дейінгі уақытты қамтиды. Мемлекетіміз өз алдына бостандық алған соң, бұғаулықта тұрған сана, қысымда тұрған қоғам, тізгіндеулі бұқаралық ақпарат құралдары мен баспасөз сырттан келетін ақпарат ағынында қалып қойды. Дүние жүзінің техника ғылымында, басқа салаларда да, алға кеткен ел өнімдері жерімізге еркін еніп жатты. Түрлі өнімдер мен бірге ақпараттар да, түрлі сериал-кинофилмдер, халықтар арасындағы мәдени, сауда байланыстары арқылы кірме сөздер, соның ішінде антропонимдер де

кіріп келді. Халық өз тарихын еске алып, өткенін жаңғыртуға кірісті, салт-дәстүрін қолға алды. Тарихтағы адам аттары қайтадан сәбилерге беріле бастады. Әлемнің ұлы тұлғалары мен түрлі салалардағы саңлақтарының да есімдері антропонимдік қорымызды байытып жатыр. Мысалы, кірме есімдер: *Әнел, Жанел, Диана, Элонора, Карина, Дамир*; тарихи жаңғырған атаулар: *Абылай, Атилла, Төлеби, Қабанбай*; әлемдік тұлға есімдері: *Жанна, Данил*; саяси-мәдени науқанға байланысты қойылған есімдер: *Астана, Саммитбек, Азиада* т.б.

Есімдеріміздің халық тарихымен тікелей байланыста өмір сүретінін ескерсек, әрбір тарихи оқиғалар тілімізге, оның ішінде кісі аттарына өз әсерін тигізбей қоймады. Әрбір тарихи үдерістер жаңа сөздер, жаңа есімдермен сөздік қорымызды байытып отырды. Әр кезеңдегі тілімізге салған тарих ізін аңғару, оның бүгінгі тұлғалану-таңбалану мәселесін анықтаумен қатар, лексика-семантикалық мағынасын дәл ашуға зор септігін тигізбек.

Қазақ антропонимдерінің дәуірлері және сол кезеңдерге тән есімдер (1-кесте)



(1-кесте)*
* Қазақ антропонимдерінің дәуірленуін әр дәуірдің мерзімдік уақыты және оларды мысалдар арқылы топтап көрсету үшін берілді.